

Грамматика. Грамматикалық тәсілдер

Грамматика

*Тіліміздегі сөздердің түрленуі,
байланысуы арқылы сөйлем
құрау жүйесі; соның әдіс-
тәсілдері мен заңдылықтары.*

Грамматика – тілдің ішкі құрылымы
туралы ғылым.

Грамматикалық тәсілдер:

**Аффиксация
тәсілі**

**Ішкі флексия
тәсілі**

қосарлану тәсілі

**Көмекші сөздер
тәсілі**

**Сөздердің орын
тәртібі тәсілі**

Екпін тәсілі

Интонация тәсілі

Аффиксация тәсілі – түбірге немесе негізге аффикстер жалғану арқылы грамматикалық мағынаның берілуі.

Ішкі флекция тәсілі – түбірдің дыбыстық құрамының өзгеруі арқылы грамматикалық мағынаны білдіру тәсілі.

Қосарлану тәсілі. Екі сөздің қосырлануы да грамматикалық мағынаны білдірудің тәсілі ретінде қызмет етеді.

Көмекші сөздер тәсілі. Тілде негізгі атауыш сөздермен бірге көмекші сөздер де болатындығы белгілі. Атауыш сөздерде дербестік болса, көмекші сөздерде дербестік жоқ. Сондықтан да, олар аффикстерге ұқсас қызмет атқарады.

Сөздердің орын тәртібі. Бұл да
— грамматикалықмағына
туғызатын тәсілдердің бірі.

**Екпін тәсілі. Сөз екпіні
тиянақсыз, яғни жылжымалы
болса, ол да грамматикалық
тәсіл ретінде қызмет
атқарады.**



Интонация тәсілі. Екпін сөзге қатысты болса, интонация – фразаға, сөйлемге қатысты болады.

Грамматикалық мағыналарды білдірудің тәсілдері алуан түрлі. Олар екі топқа бөлінеді:


1. синтетикалық тәсілдер (аффиксация, ішкі флекция, екпін, қосарлану)

2. аналитикалық тәсілдер (көмекші сөздер, сөздердің орын тәртібі, интонация)

*Синтетикалық тәсіл сөз ішінде
болады, ал аналитикалық тәсіл сөздің
сыртында болады.*

Синтетикалық тәсілдерді жиі қолданатын тілдерді –
синтетикалық тілдер д.а.

Аналитикалық тәсілдерді жиі қолданатын тілдерді –
аналитикалық тілдер д.а.



Синтетикалық тілдер қатарына
үндіеуропа, славян, түркі, маңғол
тілдері жатады.

Аналитикалық тілдерге ағылшын,
болғар, дат, грек, француз т.б.
тілдері енеді.